

«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай- балабақшасы» ЖШС –нің 2024-2025 оқу жылына

Педогогикалық кеңес

1.	№ 1 Педагогикалық кеңес Бастапқы Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру» Өтілу түрі: аналитикалық жоспарлау Күн тәртібі: 1. Педагогикалық кеңес құрам ын қайта бекіту, хатшы сайлау. 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы 3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну 4. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту 5. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру 6. Ағымдағы мәселелер: ➤ Оқу жұмыс жоспары ➤ бағдарламалар, шығармашылық жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту ➤ Өзіндік білім көтеру тақырыптары; ➤ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі; ➤ Педагогтарды марапаттау және мадақтау; ➤ Топ балалар тізімдері ➤ Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді таныстыру ➤ Әдістемелік кеңес құрамын бекіту; Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау	ӘБЖ	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер
----	--	-----	-------	----------------------

2	№ 2 педагогикалық кеңес 1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу. 3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама	ӘБЖ	Қараша	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиеші
3	№ 3 Педагогикалық кеңес 1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес) 4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі келесі педкеңеске тапсырма: «Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу»	ӘБЖ	қаңтар	Меңгеруші Әдіскер, тәрбиеші
5	№ 4 Педагогикалық кеңес 1. Медбикенің 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебі. 2. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру тиімділігі 3. 2024-2025 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау. 4. Әр түрлі мәселелер: - Жазғы сауықтыру іс-шаралары	ӘБЖ	мамыр	Меңгеруші Әдіскер медбике

Меңгеруші



Д.К.Темирбекова

**«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» жеке мекемесінде өткізілген
педагогикалық кеңестің хаттамасы
Хаттама №1**

29.08.2024ж

Қатысқан: 7

Қатыспаған: 0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығы; тәрбие- оқыту процессінің бағытын ұйымдастыру және жоспарлау.»

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2024-2025 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбие білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшысын сайлау
2. Жазғы сауықтыру нәтижелерінің қорытындысы және 2023-2024 жылын қорытындылау
3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну.
4. Тілдер туралы Заңның орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту.
5. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Бірінші қаралатын мәселе, 2024-2025 жыл жаңа оқу жылына тәрбиеші Г.Бибатырованы педагогикалық кеңестің хатшысы етіп сайлауға ұсынылды.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы бойынша балабақша әдіскері Д.Темирбекова, талдау жұмыстарын жүргізді. Қорытындылай айтқанда жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциялық жеке тұлғалық, танымдық, тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдайлар жасалды. Сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізіліп;
 - бала өмірін қызықты және мазмұнды өтуге;
 - қажетті іс -әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
 - құрдастармен және ересектермен қарым-қатынас жұмыс жасауға үйреттік;
 - қоршаған ортамен білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыруға және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік болды.
3. Әдіскер Д.К.Темирбекова, сөз алып, балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылымен құттықтап барлық қызметкерлерді 2024-2025 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасымен жұмыс жасауға, жұмыс барысында үнемі ата-аналармен тығыз байланыста болуға үндеді. Құндылықтарымызды тақырыптарына сай, әр ай сайын жұмыс жасауға үндеді. Балаларымызды еңбекқорлық отаншыл, әділ жауапкершілігі

мол азамат ретінде тәрбиелеу мақсатымыз екендігін айтып өтті. Іс-шаралар барысында:

- цифрлық әлемде қауіпсіз қадам,
- буллингтен қорған
- ойынға салауатты көзқарас
- өмірге салауатты қадам
- қоғамдық мүлікті қорға!
- қауіпсіз қоғам тақырыптары туралы өтуді айтты.

Барлық топта “Балалар кітапханасы” жаңа әдебиеттер мен толықтырылып, кітаптар мен оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру туралы тоқталды. “SMART BALA” инновациялық жобаларды ұйымдастыру. LEGO әлемі жобалық қызметін ұйымдастыруды айтып өтті. Барлық топ бекітілген тәрбиешілер мен жұмыс жасау бөлмелердегі жиһаздар, жабдықтар, балалар құжаттарына жауапты екендігі ұқтырылды. НОБД базасына енгізілген барлық тәрбиеленушілер балабақша тарапынан жауапты екендігі айтылды. Сондықтан тізімде бекітілген әр топ балаларына топ тәрбиешілері жауапты екендігі ішкі тәртіп ережесімен және лауазымдық міндеттерімен түсіндірілді. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді.

4.Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы ҚР Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, тілдерді қолдануға және дамытуға қатысты ҚРның өзгеде нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

ҚР -ның тіл туралы заңнамасының негізгі мақсаты тілдердің қолдануының құқықтық негіздерін реттеу болып табылады.

Тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік тілге және Қазақстан халқының тілдеріне бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз ету,

2) қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолдануын кеңейтуді қамтамасыз ету,

3) Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі.

Мемлекеттік тілді меңгеру-ҚР-ның әрбір азаматының парызы.

Мемлекеттік тіл-қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын, іс шараларын жүргізу тілі болып табылады.

-Балабақшамызда Қазақстан халқы Тілдер мерекесі күніне орай топтарда «Тіл менің тірегім» атты тақырыпта, мерекелік іс-шаралар, тәрбие сағаты жаңа оқу жылына 04-05.09-2025ж күніне ұйыдастыруды ұсынды.

Мақсатымыз –бүлдіршіндерге ана тілімізді құрметтеуді үйрету, басқа ұлт өкілдерінің тіл мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеу болып табылады. Ана тіліміз туралы тақпақтар, әндерді балаларға орындауын айтып өтті. Тәрбиешілерге іс-шараға сценарийді дайындап, арнайы көрнекіліктерді, құрал жабдықтарын қолданып, топты әсемдеп балалардың қызығушылықтарын ояту есебінде жақсы өтілуін айтып өтті.

5. Балабақша меңгерушісі Д.К.Темирбекова, ҚР мектепке дейінгі ұйымдармен мектеп алды топтарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен педагог мамандарды таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу туралы айтты

- мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау,

4. Тәрбиеші Г. Бибатырова, жаңа оқу жылымен барлық әріптестерін құттықтап жұмыс барысында үнемі біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруды айтып өтті. Балалар мен жұмыс барысында ата-аналар рөлі маңызды екендігі, жұмыстарды ата-анамен, әке-әжелермен жоспарға асыруды ұсынды. Балабақша өміріне ата-аналарды тарту мақсатында көрмелер ұйымдастыру, ата-аналармен роликтер дайындау, тренингтер, ашық есік апталығын ұйымдастыру керектігін айтты.

Балабақша медбикесі сөз алып барлық балаларды қабылдау кезінде тәрбиешілерді сақ болуға үндеді. Денесінде қызуы бар, тумау, дизентерия түрлі ірінді жарақаттары бар балаларды қабылдамау, емделіп келу керектігі туралы айтып өтті. Балабақшаға келмеген тәрбиеленушілер келмеген күндері үшін анықтама алып келу керектігі ұқтырылды. Балаларды тәрбиешілер үнемі бақылауы, ұйқы алдында да, ұйқыдан кейін де күзетулері жайсыз сезінген балаларды жедел медбикеге хабарлауды айтты. Бөлмелерді әр 3 сағат сайын желдету, графинді қайнаған сумен толтыру керектігі айтты. Әр балаға өз сүлгілерден, өз шкафынан, өз төсегінен пайдалану керектігін айтты. Жеке бас гигиенасын сақтау маңызды екендігі түсіндірілді.

1. 2024-2025 оқу жылы жоспарға сай бекітілсін.
2. Іс-шаралар өз уақытында өткізілсін.
1. Жобалар толық өткізілсін

ӘТКІЗІЛСІН.

Бибатырова Г.

**«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» жеке мекемесінде өткізілген
педагогикалық кеңестің хаттамасы**

Хаттама №2

07.10.2024ж

Қатысқан: 7

Қатыспаған: 0

Тақырыбы: Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу.

Мақсаты: Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмыс деңгейін көтеру

КҮН ТӘРТІБІ

1. №1 Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақша балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Балабақша меңгерушісі Д.К. Темирбекова, №1 Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақша жұмысының 2024-2025 жаңа оқу жылына әдістемелік нұсқаулық хатпен жұмыстарын жасауда. Оқу жұмыс жоспарлары, преспективалық жылдық ,циклограмма айлық жоспарлары, күн тәртібі, ұйыдастырылған іс әрекетінің кестелері бекітіліп, жұмыстарын жүргізіп жатыр. Топтар толықтырылып, балалар тізімдері бекітіліп, тәрбиешілер жұмысын атқаруда.

2. Балабақша әдіскері Д.Темирбекова, бүгінгі кеңесіміздің тақырыбы денсаулыққа арналады «Денсаулық туралы». Ең бірінші байлығымыз- Денсаулық.

Денсаулық- бұл оны ұйымдастырудың барлық деңгейлеріндегі ағзаның қалыпты қызметі, организмнің және оның қоршаған ортамен қызметтерінің динамикалық тепе-теңдігі, организмді қоршаған ортамен, өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделу қабілеті, организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау қабілеті, дене бітімінің жан-жақты тіршілік әрекеттерін қамтамасыз ету, организмнің тіршілік принципін сақтау, толық физикалық, рухани, психикалық және әлеуметтік әл-қуат, дене және рухани күштердің үйлесімді дамуы, педагогикалық процестің барлық субектірелінің үйлесімді өзара әрекетін атап өтті. Денсаулықты сақтау технологиялары дегеніміз, тәрбиелеу-сауықтыру, түзету және алдын-алу шаралары бір тұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асады, яғни өздерін білетіндей денсаулықты сақтау табысты тәрбие мен білім-денсаулық бір-бірінен ажырамайды. Өмірдегі ең қымбат нарсеміз- бұл денсаулығымыз екенін балаға түсіндіру керек екенін айтып өтті.

Сөз сөйледі: Балабақша тәрбиешісі Н.Әзімбай - баланың дені сау болу үшін, біздің балабақша күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және

балалардың дене бітімі жан-жақты дамуытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, таңертеңгілік жаттығуларды өткізуде баланың денесін нығайту мен жақсатудың маңызы туралы, дене жаттығуларының бірнеше түрлерін, серуеннің бала өміріндегі маңызы туралы, баланың тыныс алуын жақсартатын жаттығулар туралы, ұйқыдан кейінгі жаттығулар туралы, балалармен ойнатылатын қимыл-өозғалыс ойындары туралы, орындап жүргендерінмен тәжірбие алмасуын айтып өтті.

3. Балабақша меңгерушісі Д.Темирбекова- Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Физикалық дамыту» білім беру саласында көрсетілгенін, «Физикалық дамыту» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атай келе берілген баяндаманы егжей –тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

ШЕШІМ:

1. «МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру- шынықтыру» іс шаралары- тәрбиешілер қолға алынсын.
2. Балабақшадағы баланың жан-жақты дамуына жағдайлар жасалуын, сауықтыру- шынықтыру жұмысының деңгейін көтеруін- әдіскер қолға алынсын

Төрайым

Хатшы



Д.К.Темирбекова

Г.Бибатырова

**«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» жеке мекемесінде өткізілген
педагогикалық кеңестің хаттамасы
Хаттама №3**

05.11.2024ж

Қатысқан: 7

Қатыспаған: 0

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және әлеуметтік дағдыларын игертудің жолдары»

Мақсаты: Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда ойын түрлерін қолдауын мен дамыту

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
3. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі келесі педкеңеске тапсырма: «Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу»

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Балабақша әдіскері Д.Темирбекова, Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет- бұл ойын. Ойын арқылы бала өзі қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Ойын негізінен балаларға дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие беру маңызды құралы. Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді. Ойының түрлерінің бірі дидактикалық ойын. Бұл ойын пайдасы- баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын, мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, достық, туған жеріне сүйспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөледі. Мектепке дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту үрдісінде дидактикалық ойындарды пайдалану білім беру саласындағы өзекті мәселе. Дидактикалық ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын бала ойынмен өседі. Өйткені бала табиғаттың өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала ештеңе тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал, еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың бәлуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл – қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым-қатынастағы пайымдалулары өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпарат алады, дүние сырын ашатыны айтып өтті.

2. Бүгінгі күнде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыты баланы дамуына қажетті кеңістік және баланың дара дамуына кешенді жетекшілік жағдайын туғызумен байланысты болып тұр. Соған сәйкес баланың әлеуметтік ортада өзін-өзі танытып, дамытуына, сол ортаға мәдени коммуникациясын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстың алғашқы көшін мектепке дейінгі кезеңде бастау керектігі белгілі. Қай жағынан болмасын өте тәрбиеліде, мәдинетті азаматтарды ертеңгі қоғам талабына сай етіп тәрбиелеу- мемлекет, білім беру мекемелері, және отбасы үшін жауапты міндет.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту: 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау; 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу; 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету; 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату; 5) командада жұмыс істеу; 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау; 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу; 8) еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылуға кеңес беруді айтып өтті.

3. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі келесі педкеңеске дайындауын, 8-9.01.2025 жылға аралық менгеру деңгейін анықтап, білім бөлімне тапсыруды айтып өтті.

ШЕШІМ:

- 1.«Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және әлеуметтік дағдыларын игертудің жолдары»-дұрыс игерулерін тәрбиешілер қолға алынсын.
2. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі келесі педкеңеске дайын болуын қадағалау - әдіскер қолға алынсын.

Төрайым

Хатшы



Д.К.Темирбекова

Г.Бибатырова

**«ШЫҢ-БӨБЕК» бөбекжай-балабақшасы» жеке мекемесінде өткізілген
педагогикалық кеңестің хаттамасы
Хаттама №4**

08.05.2025ж

Қатысқан: 6

Қатыспаған: 0

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларға паттиоттық тәрбие беру тиімділігі

Мақсаты: Отанын,туған жерін,елін білуге, патриоттық сезімді ояту,отаншылдық, еліне деген сүйспеншілікті уйрету

КҮН ТӘРТІБІ

1. Медбикенің 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебі.
 - 2 .Мектеп жасына дейінгі балаларға паттиоттық тәрбие беру тиімділігі
 3. 2024-2025 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау
 4. Әр түрлі мәселелер
- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

ТЫҢДАЛДЫ:

1.Балабақша медбикесі Г.Бибатырова, 2024-2025 оқу жылында барлық қызметкерлер уақтылы медосмотрдан өтіліп, дәрігерден тексеруден өткені жайлы ұжымды бақылап отырылды. Оқу мен тәрбие жұмысында тазалық жұмыстары уақтылы жүргізілді. Таза ауаны көп мөлшерде қолдану, серуен бөлмелерді желдету,кварцтау талаптары орындалды. Медбикенің жылдық жоспары бойынша, журналдары барлығы толтырылып, жұмыстары атқарылды. Баланың денсаулығын сақтау, жеке бас гигиенасы туралы, балалардың денсаулығына назар бөлу, медициналық тексеруден уақытылы өткізу, екпе егу жұмыстары жүргізіліп, ата-аналармен жиналыстарда айтылып отырды. Балаларға қауіпті ешқандай жағдайлар туындаған жоқ. Тәрбиешінің көмекшілерінің балабақша ішіндегі санитарлық талаптардың толыққанды орындалып, тазалығы барі жаксы жүргізіліп отырылғанын қортындылап есеп берді.

3. Балабақша әдіскері Д.Темирбекова, «Ұлтын сүю-ұлтшылдық емес,ұлтжандылық» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, ұлттық болмысты нығайту-өзін басқалардан жоғары қою болып саналып,ұлтшылдық ретінде қарамауы тиіс. Патриоттық сезім-Отанға,туған өлкеңе,өскен ортаңа деген сүйіспеншілік. Өз ұлтыңды құрмет тұту, туғун тарихтан,ана тіліден ажырамау, міне, бұл-ел ертеңі жас ұрпақтың бойында біртіндеп қалыптасатын құрметі сезім. Балабақшада балаларды рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу негізгі міндеттер деп тарбиешілерге жүктейді. Балабақшада балаларға патриоттық тәрбие беруде «Менің Отаным Қазақстан» ұйымдастырылған оқу қызметері Отан туралы,туған ел,туған жер туралы, тақпақ, өлеңдер,мақал-мәтелдер,еліміздің Мемлекеттік рәміздерін айтқызу арқылы патриоттыққа тәрбиелейді. Гимнды оң қолын жүрек тұсына қойып,мақтанышпен орындауға уйретеді.Көк байрағымыздыаіы белгілер арқылы елімізді тани біледі.Туелсіздік күні мерекесіне орай тақырыптық мерекелік іс шараларда, балалар

өз жас ерешіліктеріне сай патриоттық тәрбиенің қалыптасқанын байқаймыз. Балабақшада балларды тәрбиелеуде ұлттық ойындар, салт-дәстүрімізді дәріптеумен, халқымыздың батырлық, ерлік тарихын айтып уйретіледі. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, ертегілері балаларды елін сүйуге, ерлікке, Отанын қорғауға тәрбиелейтінін айтып өтті

4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы бойынша балабақша әдіскері Д.Темирбекова, талдау жұмыстарын жүргізді. Қорытындылай айтқанда жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциялық жеке тұлғалық, танымдық, тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдайлар жасалды. Сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізіліп;

- бала өмірін қызықты және мазмұнды өтуге;
- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- құрдастармен және ересектермен қарым-қатынас жұмыс жасауға үйреттік;
- қоршаған ортамен білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыруға және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік болды.

ШЕШІМ:

1 Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру тиімділігі бойынша дұрыс жұмыс атқару - тәрбиешілер қолға алынсын.

2. Жазғы кезеңге сауықтыру іс-шараларына арналған жұмыс жоспарын дайындау, және бекітіліп жұмыстар жүргілуін қадағалау - әдіскерге жүктелсін.

Төрайым

Хатшы



Д.К.Темирбекова

Г.Бибатырова